

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
05.10.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 05.10.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе «Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізіндегі Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын межелеу және балық аулау аймақтарының шектес учаскелерін бөлу туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Осы заң жобасы бойынша сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Тілеуберді Мұхтар Бескөнұлына беріледі.

ТІЛЕУБЕРДІ М.Б. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің карауларыңызға «Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізіндегі Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын межелеу және балық аулау аймақтарының шектес учаскелерін бөлу туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы енгізіліп отыр.

Бұл шартқа Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев және Түрікменстанның Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов 2021 жылғы 25 қазанда Ашхабад қаласында қол қойған болатын.

Шартқа сәйкес тараптар Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы аумақтық суларды және балық аулау аймақтарының шектес учаскелерін бөлетін Каспий теңізіндегі Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы мемлекеттік шекарасының өту сызығын анықтады.

Шарттың ратификациялануы және күшіне енуі оңтүстік межелерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын делимитациялау үдерісін толық аяқтауға мүмкіндік береді.

Шарт Каспий теңізі жағалауындағы мемлекеттер арасындағы мемлекеттік шекараны заңды түрде бекітетін тарихтағы алғашқы құжат болмақ.

Түрікменстан тарапы аталған шартты биыл 17 сәуірде ратификациялаған.

Аталған заңды қабылдау Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына қайшы келмейді және оны өзгертуді қажет етпейді, сонымен бірге республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржылық шығындарды қажет етпейді.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар, баяндалғанның негізінде ұсынылып отырған заң жобасын мақұлдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Тәжмағамбетова Мақпал Мазакқызы.

ТӘЖМАҒАМБЕТОВА М.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Мұхтар Бескенұлы! Заң жобасына түсіндірме жазбада қаралып отырған шарт Каспий теңізі жағалаудағы мемлекеттер арасындағы мемлекеттік шекараны заңды түрде бекітетін Қазақстан тарихындағы алғашқы құжат екенін түсініп отырмыз. Осыған дейін Қазақстанда бұл салада шарттық тәжірибе болған емес.

Қарастырылып отырған шартты дайындау кезінде басқа елдердің тәжірибесі зерттелді ме? Рақмет.

ТІЛЕУБЕРДІ М.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Мемлекеттік шекара сызығының өткізілуі ең алдымен халықаралық теңіз құқығына сәйкес келтірілген. Бұл теңіз және мұхит жағалауында орналасқан мемлекеттердің арасында қолданылатын әдіс, сондықтан біз осы тәжірибеге жүгіндік. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Қамасова Зарина Айдарханқызы.

ҚАМАСОВА З.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован докладчику, Комитету национальной безопасности и Министерству цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности.

В соответствии с национальным законодательством и международным правом под делимитацией понимается определение положения и направления государственной границы по соглашению между сопредельными государствами, зафиксированное в договоре и графически изображенное на прилагаемых к договору картах.

Представленный вами на ратификацию договор содержит только описание точек координат, а самой карты нет. Насколько я понимаю, принятие этого договора послужит основанием для нанесения линии государственной границы на карту, а его положения будут использоваться как правоустанавливающие правила при нарушении режима государственной границы.

Скажите, пожалуйста, не вызовет ли проблем в правоприменении отсутствие карты в этом договоре? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, отвечайте.

АЛДАЖҰМАНОВ Е.Е. Генерал Алдажуманов.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемая Зарина Айдархановна! Вы знаете, что прохождение линий государственной границы на местности обозначается пограничными знаками, однако на море такие знаки мы установить не можем. Поэтому определено, что морская граница делится по координатам.

В настоящее время на пограничных кораблях и постах технического наблюдения Пограничной службы имеется современная аппаратура, которая

позволяет видеть эти координаты, а также контролировать их возможные пересечения и нарушения.

Никаких проблем в связи с отсутствием бумажных карт нет. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, можете добавить.

ТҰРЫСОВ Ә.Н. Вице-министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности. Спасибо за вопрос.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые депутаты! С точки зрения геодезии и картографии этого достаточно, учитывая, что в статье 3 соглашения отражены Балтийская система высот от 1977 года и система координат от 1942 года.

Как ранее было сказано, в международном морском праве для лимитации морских пространств между государствами с противоположными или смежными побережьями широко применяется метод срединной линии. Здесь данный метод также применяется.

С точки зрения геодезии и картографии поворотных точек и координат будет достаточно. Спасибо.

ТІЛЕУБЕРДІ М.Б. Рұқсат болса, мен де қосайын.

ТӨРАҒА. Рұқсат.

ТІЛЕУБЕРДІ М.Б. Я хотел бы проинформировать, что изначально Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности готовило подобную карту, чтобы делегации визуально могли видеть и обсуждать, где проходит срединная линия. Однако в ходе переговоров все же было принято решение о том, чтобы включить в текст договора, где проходит данная линия. Прежде всего это связано с тем, что в международном праве по сухопутным линиям приложение карт является обязательным, а в международном морском праве возможны два варианта – приложение каталога карт либо, как в данном случае, включение в текст самого договора.

Также хотел бы отметить, в этом договоре имеется статья о том, что данная линия не меняется в связи с изменениями на море или понижением уровня Каспийского моря. Как известно, сейчас уровень моря понижается, но нам не нужно проводить никаких дополнительных работ, в том числе гидрогеодезических, поскольку в договоре уже есть координаты прохождения срединной линии.

Помимо этого, хотел бы сказать, что, если мы проводили бы полевые и гидрогеодезические работы, это потребовало бы дополнительных бюджетных средств, затянуло бы процесс переговоров, на что туркменская сторона изначально не была готова. Поэтому она согласилась с тем, чтобы включить данный вопрос в текст договора. Спасибо.

ТӨРАҒА. Ракмет.

Депутат Ожаев Нұрлыбек Жұмахметұлы.

ОЖАЕВ Н.Ж. Ракмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Мұхтар Бескенұлы, қаралып отырған шарттың кіріспе бөлігінде уағдаласушы тараптар оған қол қою кезінде Каспий теңізінің құқықтық

мәртебесі туралы 2018 жылғы 12 тамыздағы конвенцияның ережелерін басшылыққа алған. Осыған орай сұрағым бар.

Аталған конвенция бойынша уағдаласушы елдердегі ратификациялау процесі жөнінде ақпарат берсеңіз.

Сонымен қатар Каспий теңізі бойынша әлі шешілмеген қандай мәселелер немесе даулар бар және оларды шешу бойынша қандай шаралар қабылданып жатқаны туралы айтсаңыз. Рақмет.

ТІЛЕУБЕРДІ М.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Өзіңіз білетіндей, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны Қазақстанмен бірге Ресей, Түрікменстан, Әзербайжан ратификациялаған болатын. Қазір біз Иран тарапын күтудеміз. Олар бастапқы тік жағалау сызықтарын өткізу шартымен біріктіріп отыр. Бұрын Иран тарапы Каспий теңізін тек бір мемлекетпен, яғни Кеңес Одағымен бөлген болса, енді қазір бес мемлекетпен бөліп отыр. Сондықтан бұл мәселе Иран тарапы үшін өте маңызды әрі күрделі. Иран тарапы қарастыру үшін ол елдің депутаттары оны алдымен екінші шартпен міндетті түрде келістіру қажет деп отыр. Ол үшін жұмыс тобы құрылған, қазір аталған шарттың жобасын Каспий теңізі жағалауындағы мемлекеттер жұмыс тобының шеңберінде қарастыруда. Әрине, қарастырылатын мәселе өте көп, сондықтан ол мемлекеттермен салалық келісімдердің жобаларын, оның ішінде браконьерлермен күрес, теңіздегі құтқару, Каспий акваториясын дамыту салалары бойынша келісімдерді қарастырудамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Сарым Айдос Әміроллаұлы.

САРЫМ А.Ә. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым алдыңғы сұрақтың жалғасы болып табылады.

Құрметті Мұхтар Бескенұлы, өзіңіз жақсы білетіндей, өткен жылы біздің еліміз Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялаған болатын. Конвенцияның басты мақсаты Каспий теңізі акваториясына қауіп төндірмеу, ондағы транспорттың жүріс-тұрысын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау болып табылады. Конвенцияны талқылау кезінде Каспий маңы елдері арасынан бұл конвенцияны тек Иран ғана мақұлдағаны белгілі болды. Басқа Каспий маңы мемлекеттерінің конвенцияны ратификациялауы бойынша қазіргі жағдай қандай және осы тұрғыда қандай ақпаратыңыз бар?

ТІЛЕУБЕРДІ М.Б. Бұл конвенция халықаралық болғандықтан конвенцияға қосылу, әрине, әр мемлекеттің ұлттық мүдделеріне сәйкес қарастырылады. Найроби халықаралық конвенциясына Қазақстан, Иран, Ресей мемлекеттері қосылған, ал Әзербайжан, Түрікменстан тараптары бұл мәселені қарастыруда. Дегенменен осы конвенцияда қарастырылған немесе талқылануға жататын барлық мәселелерді біз екіжақты немесе көпжақты деңгейде қарастырудамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Бескенұлы Тілеубердіге.

Өзіңіз жақсы білесіз, Каспий теңізінде Қазақстанмен шекаралас Түрікменстан ғана емес, тағы үш мемлекет бар, оның ішінде Әзербайжан, Ресей мемлекеттерімен біз теңіз айлағында шекараласпыз.

Өзіңіз де жақсы білесіз, Шекара қызметі де жақсы біледі, бізге браконьерлер көбіне Ресейдің Дағыстан жағынан, Әзербайжаннан келеді.

Осы Түрікменстанмен арадағы жасалынған келісімшарт сияқты, яғни мемлекеттік шекараны межелеу және балық аулау аймақтарының шектес учаскелерін бөлу бойынша Ресеймен, Әзербайжанмен келісімшарттар қарастырылды ма, ондай бар ма?

ТІЛЕУБЕРДІ М.Б. Иә, ондай келісімшарттардың жобалары бар. Әзербайжан және Ресей тарапымен келіссөздер жүргізілуде, негізі шекара сызығы белгіленген. Құжат ретінде қол қойып, оны сіздердің қарауларыңызға алып келу үдерісі қолға алынуда.

Жалпы, қазіргі таңда тек Қазақстан ғана Каспий теңізінде өзінің теңіз шекарасы сызықтарын екіжақты келіссөздердің негізінде Ресеймен, Әзербайжанмен, Түрікменстанмен белгілеп қойған. Қазір Қазақстанның Әзербайжан, Түрікменстан мемлекеттерімен теңіз шекара сызықтарын ұштастыру мәселесі ғана қалды. Бірақ оны екі мемлекет тарапымен емес, үш мемлекет тарапының қатысуымен қарастыру қажет. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Мұхтар Бескенұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Авершин Константин Викторовичқа беріледі.

АВЕРШИН К.В. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Рассматриваемый законопроект внесен Правительством в Мажилис Парламента 16 мая текущего года и предусматривает ратификацию Договора между Республикой Казахстан и Туркменистаном о делимитации казахстанско-туркменской государственной границы и разграничении смежных участков рыболовных зон на Каспийском море.

Принятие договора устранил возможные предпосылки возникновения споров с Туркменистаном касательно разграничения Каспийского моря и обеспечит благоприятные условия для реализации суверенных прав на недропользование и промысел водных биологических ресурсов.

По договору была проведена научно-правовая экспертиза. Эксперты высоко оценили качество подготовки международного договора и его эффективность.

Постоянные комитеты Мажилиса и Отдел законодательства Аппарата Мажилиса представили положительные заключения.

Согласно подпунктам 3) и 9) статьи 11 Закона Республики Казахстан «О международных договорах Республики Казахстан» данный договор подлежит ратификации.

С учетом изложенного Комитет по международным делам, обороне и безопасности вносит предложение об одобрении законопроекта и направлении его на рассмотрение Сената Парламента.

Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Спасибо, Константин Викторович.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Құспан Айгүл Сайфоллақызына беріледі.

ҚҰСПАН А.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан алдында жер алқабы бойынша әлемде тоғызыншы орын алатын және 14 мың километрге жуық құрлықтық шекарасы бар еліміздің алдында бес шектес көршілеріміз – Қырғызстан, Қытай, Өзбекстан, Ресей және Түрікменстанмен шекаралық мәселелерін шешу міндеті туындады. Шын мәнінде, бұл тамыры тереңде, өткенмен жалғасып жатқан әр қилы қиындығы бар Кеңес Одағынан қалған мұра еді.

Аумақтық тұтастығы мемлекет тәуелсіздігінің түп қазығы. Осыны үлкен жауапкершілікпен сезінген ел басшылығы мен дипломаттарымыз өздерінің бойындағы бар қуатын, жан шуағын, халықаралық құқық ережесін ұтымды да ұтқыр пайдалана отырып шекараны заңды түрде ресімдеуге жұмсады.

Бүгінгі күні мемлекеттік шекараны бекітумен бірге еліміздің аумақтық тұтастығын нығайтудағы басты мақсат сәтті аяқталды деп зор сеніммен айтуға болады. Ұлттық қауіпсіздігіміздің берік негізі қаланды.

Ратификациялауға ұсынылған шарт Қазақстан Республикасының оңтүстік өңіріндегі мемлекеттік шекарасын межелеу жұмысын тамамдап, жағалау маңындағы мемлекеттер арасында Каспий теңізіндегі мемлекеттік шекараларды заңды түрде бекітетін тарихи тұңғыш құжат болып табылады.

Бұл құжат еліміздің аумақтық тұтастығын нығайтудағы құтты қадам деп есептеуімізге болады.

Мен қаралып отырған заң жобасын толық қолдайтынымды білдіремін және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Қаулы қабылданды.



*Дүрс: Құжаттамамен қамтамасыз ету
Әкімшілік сектор меңгерушісі
Май Н. Маймынтаев*